

**2024-2025 оқу жылында мектепшілік бақылау жоспарын жүзеге асыру барысында
жаңадан келген мұғалімдердің сабақтарына қатысу туралы**

АНЫҚТАМА

2024 жылдың 29 қыркүйегі мен 22 қазан аралығында мектепшілік бақылау жоспарын жүзеге асыру барысында 9«К», 5«М», 9«И», 4«И», 8«И», 7«А», 8«И», 3«Б», 6«Ғ», сыныптарында сабаққа қатыстылды.

Мақсаты:

Жаңадан келген мұғалімдердің сабақ беру сапасын бақылау, кәсіби шеберлігін арттыруға қолдау көрсету және оқу үдерісінің сапасын қамтамасыз ету.

9«К» класс:Қуаныш Гүлдана Мұратқызы

5«М» класс:Амантаева Нұршат Сабыржановна

2«Ғ» класс:Жаңқылышева Амангүл Зейноллақызы

9«И» класс:Зиатдинова Асем Нурлановна

4«И» класс:Зайненова Диана Аққалиқызы

8«И» класс:Байтақова Гүлсезім Серікқызы

7«А» класс:Қожантай Ақтілек Нұрланқызы

8«И» класс:Байтақова Гүлсезім Серікқызы

3«Б» класс:Бірлікқызы Ғазиза

6«Ғ» класс:Наурызбаева Дильнур Қанатқызы

Мектепшілік бақылау барысында мұғалімдердің сабақ беру әдістемесі талданды. Оқыту әдістері мен оқушылардың үлгерімін жақсарту бойынша ұсыныстар берілді.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша, 9«К» класында (Қуаныш Г.М.)

Тақырыбы:«Әжем тоқымқағар жасады»

Сабақ ұйымдастыру бөлімінен басталды. Жазылым тапсырмасының орындалуын мұғалім дәптерлерді карап, шолып шықты. Диалогке түскен оқушы болған жоқ. Сабақ басталмас бұрын оқушылардың назарын аудару үшін қысқаша кіріспе жасап, үй тапсырмасын тексеру уақытын тиімді ұйымдастырды. Интерактивті тақтадан суреттер көрсетіліп, қазақтың салт- дәстүрлері туралы кіріспе жасады. Жаңа тақырып бойынша тоқымқағар ұғымына түсінік берілді. Жаңа сөздермен жұмыс жүргізілді, оқушылар дәптерлеріне жазып алды. Оқушыларға бейнеролик көрсетілді, оқушылар ситуациялық сұрақтарға жауап берді. Оқушылар 5 минуттық эссе жазды. Оқушылар жазған жұмыстарын оқыды, мұғалім оқушыларды ынталандыру үшін жетондар таратты. Мақал-мәтелдермен жұмыс жүргізілді. Тақтадан көшіріп жазып, өзгелік етістерді қатыстырып сөйлем құрауға тапсырма берілді.

Қорытынды мен ұсыныстар:

1. Жазылым дағдысын дамыту үшін оқушылар жазылым тапсырмасын тақтада орындау.

2. Оқушыларға кері байланыс беру.

3. Оқушылардың өздеріне рефлексия жасату.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша, 5«М» класында (Амантаева Н.С.)

Тақырыбы:«Сүйікті жазушы (Бердібек Соқпақбаев)»

Мұғалім оқушыларға психологиялық жағымды ахуал қалыптастырды. Үй жұмысы тексерілді. Мәтінмен жұмыс жүргізілді. Оқылымға берілген мәтінді оқыған оқушылар өз түсініктерін айтты. Айтылым дағдысы бойынша 6-тапсырманы оқушылар орындады. Дұрыс, бұрыс жауаптарын берілген сұрақтарға тандап, мәтіннен тауып оқыды. 7-тапсырмада сәйкестендіру жұмыстарын орындады. Жазылым дағдысы бойынша 8-тапсырма орындалды. Айтылым, 9-тапсырмада жұптық жұмыс ұйымдастырылды, оқушылар шағын диалогке қатысты. Мұғалім сұрақ қойды, оқушылар жауап берді. Мұғалім сабақты қорыту мақсатында оқушыларға сұрақтар қойды. Үйге тапсырма берілді, кері байланыс стикер арқылы алынды, сабақ бекітілді.

Қорытынды мен ұсыныстар:

1. Оқушылар алған бағаларын естуге мүмкіндік беру және бағаларды хабарлау.

2. Оқу мақсаты мен сабақ мақсатына жете алды.

3.Сабақтың қорытындысы жасалды.

Бастауыш класс бойынша , 2 «Г» класында (Жақылышева А.З.)

Тақырыбы:«Дауыссыз л мен р»

Сабақ ұйымдастыру бөлімінен басталды.Өтілген тақырыпқа шолу жасалды.Дауыссыз л мен р дыбысынан басталатын сөздерді оқушылар кезектесіп айтып,айтылуы мен жазылуына тоқталды.Мұғалім ережені түсіндірді. Сөздікпен , дәптермен жұмыс жүргізілді.Мұғалім әр бір тапсырмаға дескрипторды хабарлап тұрды.Орындап аяқтаған оқушылар жұмыстарын мұғалімге тексеруге апарды. Сабақтың құрылымы талаптарға сай сақталды, ұйымдастыру кезеңінен бастап негізгі және қорытынды бөлімдер ретімен өтті.

Қорытынды мен ұсыныстар:

- 1.Сабақтың құрылымы сақталды.
- 2.Дауыссыз дыбыстардың дұрыс айтылуы мен жазылуын оқушылар меңгеріп отыр
3. (бөлім бойынша жиынтық бағалау) жүргізу талаптары толығымен сақталды.

Ағылшын тілі пәні бойынша, 9 «И» класында (Зиатдинова А.Н.)

Тақырыбы:«Fun faces»

Сабақ жоспарға сәйкес ұйымдастыру бөлімінен басталды. Ұй тапсырмасы тексерілді, бірақ бірде-бір оқушы ұй тапсырмасын орындамаған. Оқушылардың үлгерімін арттыру мақсатында тапсырманы орындамаған оқушыға жеке тапсырма беріліп, оның мәні түсіндірілді. Сабақ барысында оқушыларға мәтінді дауыстап оқыту тапсырмасы берілді. Сабақ жоспары бар және оқу бағдарламасына сәйкес келеді. Дегенмен, сабақ барысында уақыт тиімді пайдаланылмады, әрі оқушылардың сабаққа белсенді қатысуы мен қызығушылығын арттыратын әдіс-тәсілдер қолданылмады.

Қорытынды мен ұсыныстар:

- 1.Оқушылардың белсенділігін арттыру үшін дидактикалық материалдарды және жаңа технологияның әдіс-тәсілдерін тиімді қолдану.
- 2.Оқушылардың ұй тапсырмасының орындалуын жүйелі түрде қадағалау.
- 3.Сабақ уақытын тиімді пайдалануды жақсарту.
- 4.Оқушылардың бағаларын уақытылы қоюды қамтамасыз ету.

Сабақтың жалпы құрылымы мен мазмұнын жақсарту үшін осы ұсыныстарды ескеру ұсынылады.

Ағылшын тілі пәні бойынша, 4 «И» класында (Зайненова Д.А.)

Тақырып: «Traditional stories»

Сабақ ұйымдастыру кезеңінен басталды, ұй жұмысы тексерілді. Оқушыларға қосымша сұрақтар қойылды, олар сөйлемдерді оқып, қазақ тіліне аударды. Дегенмен, сабақ барысында кейбір маңызды аспектілер ескерілмеген.

Қорытынды мен ұсыныстар:

- 1.Оқушыларға жаңа сөздерді қайталау арқылы лексикалық қорларын байыту.
- 2.Сабақ барысында ING құрылымын түсіндіріп, оқушыларға осы құрылымды қолдану арқылы тапсырма беру.
- 3.Қысқа мерзімді жоспарда (ҚМЖ) көрсетілген тапсырмалар толығымен орындалмады, бұл жағдайды түзету.
- 4.Сабақта жаңа технологиялардың әдіс-тәсілдерін тиімді пайдалану ұсынылады, бұл оқушылардың қызығушылығын арттырады.
- 5.Сабақ барысында барлық оқушыларды орындарынан тұрғызып, белсенді қимыл-қозғалыс жасап, сұрақтар қою арқылы олардың қатысуын жандандыру.
- 6.Дидактикалық материалдарды тиімді қолдану арқылы сабақтың мазмұнын кеңейту.
- 7.Сабақтың соңында оқушыларға кері байланыс беру маңызды, бұл олардың түсінігін жақсартуға және өз қателіктерін түсінуге көмектеседі.

Осы ұсыныстарды ескеру арқылы сабақтың тиімділігін арттыруға болады.

Ағылшын тілі пәні бойынша, 8 «И» класында (Байтақова Г.С.)

Тақырыбы: «British Teen Scenes»

Сабақ ұйымдастыру бөлімінен басталды. Оқушыларға деңгейлеріне сай карточкалар таратылды, және олар сұрақтарға өз деңгейлерінде жауап бере алды. Сұрақтардың мазмұнында өмірмен байланыс байқалды, бұл оқушылардың қызығушылығын арттырды. Сонымен қатар, оқушыларға 1 минут ішінде киімдерге байланысты сөздер жазу тапсырмасы берілді, және бұл тапсырма да сәтті орындалды. Сабақ барысында суреттер бойынша шығармашылық жұмыстар жүргізілді. Жаттығулар мен жаңа сөздермен жұмыс жасалды.

Қорытынды мен ұсыныстар:

1. Оқушылардың сабаққа деген белсенділігін арттыру үшін түрлі интерактивті әдістерді (мысалы, топтық, жұптық жұмыс,) қолдану.

2. Уақытты тиімді қолдану, әрбір тапсырмаға нақты уақыт белгілеу және оны қадағалау.

3. Үй жұмысын уақытылы және нақты түсініктемемен беру, бұл оқушылардың сабақты дұрыс түсініп, материалды бекітуіне көмектеседі.

Осындай ұсыныстар сабақты тиімдірек өткізуге және оқушылардың сабақтағы белсенділігін арттыруға септігін тигізеді.

Ағылшын тілі пәні бойынша, 7 «А» класында (Қожантай А.Н.)

Тақырыбы: «Computes. Giving advice. Should/Shouldn't»

Сабақ ұйымдастыру бөлімінен басталып, үйге берілген тапсырма тексерілді. Оқушылар мәтінді оқып, оның мазмұнын талдады. Төрт оқушы тақтаға шығып, жаттығу жұмыстарын орындады. Сабақ барысында қосымша видеоматериал көрсетілді. Оқушылар мәтінді оқып, оны аударды, әрі мұғалімнің қойған сұрақтарына жауап беруге тырысты.

Қорытынды мен ұсыныстар:

1. Оқушыларды жазба жұмыстарын ұқыпты орындауға үйрету, дәптерлерінің тазалығын талап ету.

2. Мұғалім сабақтың басым бөлігін ағылшын тілінде жүргізіп, оқушыларды да ағылшын тілінде сөйлесуге ынталандыру.

3. Сабақта жаңа сөздерді бірінші қайталатып, дұрыс айтылуын тыңдап, аудармасын түсіндіріп, содан кейін ғана мәтінмен жұмыс жасау. Бұл сөздерді тереңірек меңгеруге көмектеседі.

4. Оқушылардың жаңа грамматиканы толық меңгермегені байқалады, сондықтан “should/shouldn't” модаль етістігінің қолданысын терең түсіндіріп, жаттығулар арқылы бекіту.

5. Сабақ барысында ұйымдастырылған ойындар оқушылардың жас ерекшеліктеріне және тілдік деңгейлеріне сай болуы.

6. Сабақ соңында оқушылардың жетістіктерін бағалау. Бұл олардың мотивациясын арттырып, өз жұмысын жақсартуға ұмтылдыру үшін қажет.

Ағылшын тілі пәні бойынша, 8 «И» класында (Байтақова Г.С.)

Тақырыбы: «Penly Wise»

Мұғалім сабақты ұйымдастыру бөлімінен бастады. Үй тапсырмасы тексерілді, сонымен қатар оқушыларға ақша, бюджет туралы қосымша сұрақтар қойылды. Оқушылар жақсы жауап беріп, өз ойларын ашық жеткізді. Оқушылар жаттығу жұмыстарын орындап, тапсырмалармен белсенді жұмыс жасады. Өткен сабақтармен салыстырғанда оқушыларда айтарлықтай прогресс бар екені байқалды.

Қорытынды мен ұсыныстар:

1. Сабақты қызықты және әртүрлі әдіс-тәсілдермен өткізу. Тапсырмаларды ойын элементтерімен, практикалық мысалдармен толықтыру, топтық жұмыстар ұйымдастыру, презентациялар қолдану арқылы оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттыру.

2. Оқушылардың дәптерлері ішінара тексерілген, бірақ жүйелі түрде және уақытылы тексеру қажет.

3. Оқушылардың білім деңгейін жүйелі түрде бағалап отыру қажет. Үй тапсырмаларын уақтылы тексеріп, оларға нақты кері байланыс беру маңызды.

4. Оқушылардың материалды тереңірек меңгеруі үшін қосымша тапсырмалар беру. Жаттығулардың санын арттырып, қиындық деңгейін біртіндеп жоғарылату ұсынылады.

5. Панельді тиімді қолдану.

Осындай жақсартулар арқылы сабақ тиімділігі артып, оқушылардың материалды жақсы меңгеруіне мүмкіндік береді.

Ағылшын тілі пәні бойынша, 3 «Б» класында (Бірлікқызы Ғ.)

Тақырыбы: «Play and write»

Сабақ барысында мұғалім оқушыларға БЖБ (Бөлім бойынша жиынтық бағалау) тапсырмаларын таратты және олардың қалай орындалу керектігін түсіндірді. Ұй тапсырмасы тексеріліп, оқушылар жаттығу жұмыстарын тақтада орындады. Жаңа тақырып бойынша түсіндірме жеткілікті түрде болмады, сондықтан оқушылар тақырыпты толық меңгере алмады. Оқушылардың тыңдау қабілетін жақсарту, тілді игеру үшін тыңдалым, айтылым дағдылары болмады.

Қорытынды мен ұсыныстар:

1. Жаңа тақырыпты мұғалімнің өз деңгейінде түсіндіруі қажет. Мұғалімге жаңа тақырыпты жүйелі түрде түсіндіру және мысалдармен бекіту ұсынылады.

2. Сабақтың мақсаты – оқушылардың ағылшын тілін меңгеруін дамыту болғандықтан, мұғалімге сабақ барысында мүмкіндігінше ағылшын тілінде сөйлеу ұсынылады.

3. Жаттығуларды орындағаннан кейін әр оқушының жауабын тыңдап, қателерін түзетіп, кері байланыс беру.

4. БЖБ тапсырмалары оқушылардың өз бетімен орындауы тиіс бағалау жұмыстары болғандықтан, олардың мазмұнын оқушыларға оқып берудің қажеттілігі жоқ.

5. Мұғалімге Preposition, There is/There are тақырыптарын нақты, қарапайым тілмен түсіндіріп, мысалдар арқылы көрсетіп, оны оқушылардың толық меңгеруін қадағалау ұсынылады.

6. Тақтадағы жазулардың оқушыларға анық, көрнекі және түсінікті болуы керек.

7. Сабақты түрлі әдіс-тәсілдермен түрлендіру ұсынылады. Оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттыру мақсатында ойын элементтері, топтық жұмыс, интерактивті тапсырмаларды енгізу.

8. Қоңырау соғылғанша барлық тапсырмаларды орындау және сабақты уақытында аяқтау үшін уақытты дұрыс пайдалану қажет.

Ағылшын тілі пәні бойынша, 6 «Ғ» класында (Наурызбаева Д.К)

Тақырыбы: «Г.Н.Тропольский «Белый Бим Черное Ухо»»

Сабақ ұйымдастыру бөлімінен басталды, ұй тапсырмасы тексерілді. Оқушылар мәтінді оқып, сұрақтарға жауап берді. Сонымен қатар, оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында сурет салуға тапсырма берілді. Ұйымдастыру, жаңа тақырыпты түсіндіру, тапсырмаларды орындау және қорытынды бөлімдер анық және ретімен болуы тиіс. Күнтізбелік-тақырыптық жоспар қысқа мерзімді жоспарға сәйкес келмейді.

Қорытынды мен ұсыныстар:

1. Оқушылармен қарым-қатынас жасауда педагогикалық мәдениетті сақтау.

2. Мұғалім мектептің бекітілген формасын сақтап, тәртіпке сай болуы керек.

3. Сабақ барысында оқушылардың тәртібін мұқият бақылап, қажет болған жағдайда тәртіпті сақтау шараларын қолдану.

4. Сабақтың жоспарланған құрылымын қатаң сақтау маңызды. Сабақтың әр бөлімі нақты және жүйелі өтуі керек.

5. Оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттыру үшін шығармашылық және қызықты тапсырмаларды көбірек беру ұсынылады. Ойын түріндегі тапсырмалар, талдау жұмыстары, топтық немесе жұптық жұмыс оқушылардың белсенділігін арттырып, тақырыпты жақсы меңгеруге көмектеседі.

6. Сабақтарды ҚМЖ-ға сай жоспарлап, оның мазмұнын қатаң сақтау. Бұл сабақтың құрылымын жүйелеуге және мақсаттарына жетуге көмектеседі.

7. Сабақ барысында оқушылардың жауаптарын және жұмыстарын міндетті түрде бағалап, кері байланыс беру. Бағалау олардың қателіктерін түзетіп, жетістіктерін көруіне мүмкіндік береді. Сабақ соңында оқушыларға ұй тапсырмасын уақытылы беру маңызды.

8. Дидактикалық материалдарды тиімді қолдану арқылы сабақтың мазмұнын кеңейту.

Бұл ұсыныстарды жүзеге асыру арқылы мұғалім сабақтың сапасын арттырып, оқушылардың білім алу процесін тиімді ете алады.

Анықтама жазған:
орынбасары



Сарина С.Р.-мектеп директорының оқу ісі жөніндегі

Паныстыл



Амантаева Н.С.